

НАМИ РАЗРАБОТАНО СОГЛАШЕНИЕ О РАЗВИТИИ ТМТМ, КОТОРОЕ В БЛИЖАЙШЕЕ ВРЕМЯ БУДЕТ НАПРАВЛЕНО КИТАЙСКОЙ СТОРОНЕ ДЛЯ СОГЛАСОВАНИЯ. КРОМЕ ТОГО, В ЦЕЛЯХ РАЗВИТИЯ МЕЖДУНАРОДНОЙ ТОРГОВЛИ МЫ ХОТИМ УЗНАТЬ ВОЗМОЖНОСТИ ДАЛЬНЕЙШЕГО СУБСИДИРОВАНИЯ ПЕРЕВОЗОК ПО МАРШРУТУ КИТАЙ – ЕВРОПА – КИТАЙ. ДВУКРАТНЫЙ РОСТ ОБЪЕМОВ ПЕРЕВОЗОК В ПРОШЛОМ ГОДУ ПОДТВЕРЖДАЕТ ПЕРСПЕКТИВЫ МАРШРУТА.



Марат КАРАБАЕВ,
министр индустрии и инфраструктурного развития РК



№55 (2872)
14/07/2023

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

ТМТМ: ПОТЕНЦИАЛ ДЛЯ РАЗВИТИЯ

В АО «НК «Қазақстан темір жолы» руководители железнодорожных администраций Казахстана и Азербайджана встретились с казахстанскими грузоотправителями и экспортерами.



Любовь РОВБА,
Астана

Участники круглого стола обсудили вопросы дальнейшего сотрудничества, создания благоприятных условий для транспортировки грузов по Транскаспийскому международному транспортному маршруту (ТМТМ), пролегающему через Китай, Казахстан, Азербайджан, Грузию, Турцию и в страны Европы. Стороны договорились совместно решать

вопросы по дальнейшему развитию ТМТМ касательно сокращения сроков доставки грузов, улучшения процесса информирования о дислокации подвижного состава, устранения административных барьеров, расширения портовой инфраструктуры и другие.

С начала года перевозки грузов по ТМТМ увеличились на 77,2% по сравнению с аналогичным периодом прошлого года и превысили 1,3 миллиона тонн.

Для беспрепятственного и ускоренно-

го пропуска грузопотоков и оперативного решения возникающих вопросов функционирует совместный виртуальный диспетчерский центр.

По итогам встречи отмечено, что установленные прямые контакты между грузоотправителями и железнодорожниками Казахстана и Азербайджана позволяют эффективнее решать возникающие в ходе перевозочного процесса вопросы.

Фото Александра ЖАБЧУКА

ЖҮК ТАСЫМАЛЫНДА ӨСІМ БАР

Үстіміздегі жылдың бірінші жартыжылдығында Қазақстан темір жолы желісі арқылы 124 миллион тоннадан астам жүк тасымалданды. Республикашілік тасымал шамамен 80 млн тоннаны құраса, экспортқа 44,4 млн тонна жүк жөнелтілген.

Алты ай ішінде 51,6 млн тонна тас көмір тасымалданған. «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС алға тартқан мәліметке сүйенсек, жыл басынан бері тасымалданған астық көлемі 30% немесе 5,8 млн тоннаға дейін артқан. Осы арада Қазақстан астығына сұраныстың да артқанын атар едік. Осылайша астық экспорты 35% немесе 4,7 млн тоннаға дейін өскен.

Тартып айтар болсақ, Қазақстан астығының 1916 мың тоннасы Өзбекстанға, 450 мыңға жуығы Тәжікстанға, 300 мың тоннадан астамы Ауғанстанға жөнелтілсе, Қытай еліне 874 мың тонна астық экспортталған. Сондай-ақ қазақ елі астығына Түркіменстан, Иран, Әзірбайжан, Тунис, Италия, Түркия мемлекеттері тарапынан да сұраныстың жоғары екенін байқауға болады. Тартылған астық өнімдері тасымалына келсек, 12% немесе 1,5 млн тоннаға дейін артқан.

Сондай-ақ 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында мұнай жүгінің өткен жылдың есепті мерзімімен салыстырғанда 3% немесе 9,3 млн тоннаға дейін, құрылыс жүктерінің 9% немесе 7,6 млн тоннаға дейін, ал химиялық тыңайтқыштар тасымалының көлемі 6% немесе 2,2 млн тоннаға дейін ұлғайғаны белгілі болып отыр. Осы ретте алғашқы жартыжылдықта пайдаланылудағы жүк айналымының өткен жылға қарағанда 9% артып, 134,5 млрд т-км неттоны құрағаны белгілі болып отыр.

Ислам ТАЛПАТ

Ынтымақтастық

ЕКІ ЖАҚТЫ КЕЛІСІМГЕ КЕЛДІ

Осы аптада «Үрімші темір жолы» ЖШҚ делегациясы Достық станциясына келіп, қазақстандық теміржолшылармен кездесті. Жиын барысында «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-на қарасты Достық станциясының ұжымы мен аталған делегация арасында екі елдің жүк тасымалына қатысты келіссөздер жүргізілді.

Ұлан ОРАЗ,
Астана

Кездесу кезінде шекара маңындағы темір жол жұмыстары бойынша 2023 жылдың 6 ай қорытындысы шығарылып, халықаралық жүктерді тасымалдау көлемін ұлғайту мәселелері талқыланды. Нақтырақ айтқанда, «Үрімші темір жолдары» ЖШҚ халықаралық ынтымақтастық бөлімі бастығының орынбасары Бай Лу мен Қазақстан тарапынан «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС жүктермен коммерциялық жұмыстар департаментінің директоры Болат Сүлейменов екі жақты ынтымақтастықты дамыту мәселелері туралы ойларын ортаға салды. Ис-шараның бірінші күнінде үрімшілік делегация өкілдері Достық станциясын аралап, терминалдар жұмысымен танысса, келесі күні қазақстандық теміржолшылар Алашанькоу станциясына барып, ел жақтың да терминалдарын көрді. Екі жақ биылғы бекітілген жоспарды өз



уақытында және артығымен орындауға дайын екендіктерін жеткізді.

– Достық станциясынан Қытайға экспортталатын жүктер бойынша жоспарда 77147 вагон болса, іс жүзінде 78048 вагон жөнелтілді. Оның ішінде 54606 вагон – Қазақстаннан тиелген, 23442 вагон – транзиттік жүктер. Биылғы 6 айда өткен жылдың сәйкес кезеңіне

қарағанда экспорттық жүктердің өсімі байқалады. Сонымен қатар импорттың да көлемі артты. Барлық міндеттер осы тасымал үдерісіне қатысты бар мекемелер қызметкерлерінің ұйымшылдығының арқасында сәтті орындалып отыр, – дейді Достық станциясының бастығы Мақсат Мәмбетқұлов.

Суретті түсірген автор

РАСШИРЯЯ ЦЕПОЧКИ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ



Казахстан и Пакистан расширяют сотрудничество в области транспорта.

Айлин БАУРЖАН,
Астана

Заместитель Премьер-министра – министр торговли и интеграции Казахстана Серик Жумангарин встретился с генеральным директором ведущей мультимодальной логистической компании в Пакистане National Logistics Cell Фаррухом Шахзадом Рао.

В ходе встречи Серик Жумангарин отметил, что Пакистан является важным торговым партнером в Южной Азии. Есть большой потенциал в поставках на

пакистанский рынок 80 обработанных товаров различных отраслей на сумму 411,9 миллиона долларов.

– Расширение сотрудничества в области транспорта и логистики играет ключевую роль в интенсификации наших партнерских отношений. Порты Пакистана – Гвадар, Карачи, Касим – представляют большой интерес для нас как для продвижения экспорта казахстанской продукции на рынки Пакистана и Южной Азии, так и повышения привлекательности транзитного потенциала наших

стран для выхода на экспортные рынки Южной Азии, – сообщил Серик Жумангарин.

Вице-премьер Казахстана предложил рассмотреть варианты организации взаимных поставок сухопутными маршрутами через территории Узбекистана, Туркменистана и Афганистана с применением морских портов через Средний коридор (ТМТМ), территорию Ирана либо через Китай. И автомобильными перевозками через Каракорумское шоссе через Кыргызстан, Китай и далее в Пакистан.

Со своей стороны пакистанская делегация заверила о своем стремлении активизировать сотрудничество двух стран, заявив о готовности предоставить рекомендации и конкретные предложения по логистике.

ДЛЯ БЕЗОПАСНЫХ ПЕОЗДКОВ

Более 400 локомотивов ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» подготовлены к летним условиям работы филиалами «Қамқор Локомотив».

Для своевременной и качественной подготовки к летним условиям работы заблаговременно были закуплены все необходимые виды смазок, запасных частей, комплектующих и инвентарь.

– Главная задача «Қамқор Локомотив» – обеспечение летних перевозок и соблюдение графика движения пассажирских поездов исправным и надежным в эксплуатации локомотивом, – отмечает генеральный директор «Қамқор Локомотив» Алтай Жуматаев. – Во время весеннего комиссионного осмотра комиссией, включающей всех специалистов ремонтных и эксплуатационных депо, проверено 523 единицы локомотивов, из них по тепловозной тяге – 231 единица, электровагонной тяге – 263 единицы, а также 29 электропоездов.

Произведена полная ревизия всех узлов и агрегатов, ходовой (экипажной) части, замена смазки и т. д.

К бесперебойной работе в летнее время подготовлены 494 локомотива принадлежности ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки», включая 231 тепловоз и 263 электровагон. Кроме того, все необходимые работы проведены 29 вагоном электропоездов собственности филиала АО «Пассажирские перевозки» – «Пригородные перевозки».

Любовь РОВБА

ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС КЕЗІНДЕ ДЕ АДАМДАР, ӘСІРЕСЕ БАЛАЛАР ТЕМІР ЖОЛДЫҢ ҚАУІПТІ АЙМАҚ ЕКЕНІН ҚАПЕРДЕН ШЫҒАРМАҒАНДАРЫ ЖӨН! ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІНДЕ ДЕ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУ ҚАЖЕТ. БАЙЛАНЫС СЫМЫНДАҒЫ КЕРНЕУ 27 500 ВОЛЬТ. СОНДЫҚТАН СЕЛФИ ҮШІН ВАГОННЫҢ ТӨБЕСІНЕ НЕМЕСЕ ТЕМІРЖОЛ КӨПІРЛЕРІНІҢ МЕТАЛЛ КОНСТРУКЦИЯЛАРЫНА ШЫҒУ ӨТЕ ҚАУІПТІ ЕКЕНІН ЕСКЕРТЕМІЗ

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

«ҚТЖ» ҰҚ» АҚ МАГИСТРАЛЬДЫҚ ЖЕЛІСІ БОЙЫНША БИЫЛ НАУРЫЗ-МАУСЫМ АРАЛЫҒЫНДА

591 км

ЖОЛҒА ТҮРЛІ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛГЕН.

ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ АҚТӨБЕ ӨҢІРІНДЕ

15

РЕТ ЖЫЛЖЫМАЛЫ ҚҰРАМДЫ ШҰҒЫЛ ТОҚТАТУ ЖАҒДАЙЫ ТІРКЕЛДІ.

ҚАЗІРГІ ТАҢДА ҚТЖ БОЙЫНША

90

АСТАМ АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН БАСҚАРУ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ.

СТАНЬ ЧАСТЬЮ НАШЕЙ КОМАНДЫ

РЕГИСТРАЦИЯ
Зарегистрируйтесь на сайте job.railways.kz

ОТКЛИК
Откликнитесь на интересующую Вас вакансию

АНАЛИЗ РЕЗЮМЕ
Компания рассмотрит Ваше резюме на соответствие вакансионным требованиям и вакансии

ТЕСТИРОВАНИЕ
Пройдите оценочные процедуры (при необходимости)

ИНТЕРВЬЮ
При успешном прохождении оценочных процедур Вас пригласят на собеседование для оценки профессиональных и личностно-деловых компетенций

ПРИЕМ НА РАБОТУ
В случае успешного прохождения собеседования Вас пригласят на работу

РЕГИСТРИРУЙТЕСЬ НА JOB.RAILWAYS.KZ

КӨРСЕТКІШ КЕМІГЕН

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау



Атырау жүк тасымалы бөлімшесі бойынша биылғы жылдың жарты жылдығында аймақтағы тасымал көлемі техникалық жоспар бойынша 90 пайызға орындалыпты, бұл өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда сәл де болса жоғары. Алайда, мұнайлы өңірде жүк айналымы бұрынғы қалпынан төмендеп бара жатқаны жабырын емес.



Өткен алты айда көп көрсеткіш кеміп кеткен. Оған орташа жүк тиеудің және тиелген жүк вагондарының кемуі, транзиттік тасымалдың азаюы себеп. Содан соң пропан, бутан, мазут, кокс, сера, ксилол тиеу азайып кетті, өйткені жүктерді экспортқа тиеуге конвенциялық тыйым қойылды. Сонымен қатар ішкі-сыртқы түйіспе жолдар бойынша вагондар саны, пойыз қабылдау азайған.

Атырау – Қығаш, Мақат – Құлсары бағытында жолды күрделі жөндеу жұмыстарының жүруіне байланысты жылдамдықты шектеуге 2138 ескерту, жол жөндеу машиналары мен ЭЧ, ШЧ мекемелерінің жұмыстарына байланысты 378 технологиялық «толаскез» берілген. Мұндай жағдайда пайдаланым жүк айналымымен қоса, жүк вагоны өнімділігі, вагонның орташа тәуліктік жүрісі, вагонның статистикалық салмағы, бір жүк операциясына вагонның тұруы, локомотив жүрісі, пойыздың учаскелік жылдамдығы, пойыздар қозғалысының техникалық жылдамдығы сынды басқа да көрсеткіштер төмендейді. Бөлімше бастығы А.Базарғалиевтің атап өткеніндей, өңірдегі станцияларда жүк операциясына және транзиттік вагондардың тұрып қалуы, сондай-ақ тастаңды вагондар саны да артқан. Негізінен жеке тасымалдаушылардың локомотивтерінің жетіспеушілігінен осындай жағдайлар кездеседі. Пойыздардың уақытынан кешігуі де (1093) аз орын алмаған.

Әйтсе де, негізгі қызмет бойынша (тасымал арқылы) қаржылай табыс көлемі былтырғы жылғы осы уақытқа қарағанда 52,6% немесе 9 млрд 702 млн 974 мың теңгеге артық болып отыр. Соның нәтижесі ретінде техникалық жоспарға сәйкес жүк тиеу 104,1 пайызға орындалған.

Суретті түсірген автор

287 АДАМ ЖАУАПҚА ТАРТЫЛҒАН

Ұлан ОРАЗ,
Маңғыстау



Бейнеу станциясында теміржол көлігі объектілерінде адамдардың жауапқатаруының және құқықбұзушылықтардың алдын алуға арналған жиын өтті. Кездесуге станция қызметкерлерімен қатар барлық теміржол бөлімшелерінің өкілдері, желілік полициялар және әскери күзетшілер де қатысты.

Бейнеу станциясының бастығы Есет Хайруллин мен Бейнеу ст. ЖПБ бастығы, полиция майоры Насыр Дербісалиев көліктегі полиция департаменті мен «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ-ның 2022-2023 жылдарға арналған темір жолдағы мүлктің қауіпсіздігі мен сақталуы деңгейін арттыру жөніндегі Жол картасы жобасын іске асыру барысына тоқталды. Екі тарап пойыздар қозғалысы мен қауіпсіздігін жақсарту, теміржол көлігіндегі құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы мәселелерді талқылады. Сонымен қатар темір жолдар арқылы өту, сондай-ақ темір жол маңында мал жау ережелерін бұзушыларға жауапкершілік қарастырылатыны ескертілді. Мамандардың айтуынша, төтенше жағдайлар мен қайғылы оқиғалар көбіне бейқамдықтан, заң талаптарын біле бермейтіндіктен туындайды.

– Бейнеу станциясының желілік тәртіп сақшыларының қызмет көрсету аумағы 643 км құрайды. Сол аумақта жыл басынан бері локомотивтер мал қағу бойынша 8 рет оқис тежеу берген. Соның төртеуі бойынша мал иелері анықталып, айыппұл салынды. Қалғаны белгісіз. Аса ауыр қылмыстар тіркелген жоқ, дегенмен қауіп-қатер аяқ астында екенін тағы ескертеміз. Осы аралықта заң бұзған жалпы азаматтар бойынша әкімшілік жауапкершілік арқалағандар аз емес. Ішімдік ішіп, теміржолды белгіленбеген жерден немесе пойыз астынан өтіп, қоқыс тастағаны үшін және басқа да тәртіп бұзушылықтар бойынша 287 адам жауапқа тартылды, – дейді Н.Дербісалиев.

Станция бастығы Есет Хайруллин теміржолда жүріп-тұру ережелерін еске салып, профилактикалық ақпараттармен бөлісіп отырудың өзектілігіне тоқталды. Мұндай жағдайда жауапкершілік деңгейі, сонымен қатар теміржол бойында санитарлық тазалықты сақтау нормаларын сөз етті.

МАУСЫМДЫҚ ЖҰМЫСТАР ЖАЛҒАСУДА



Сабырхан СЕЙЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Бүгін де таңғы салқынмен жұмысты өндіріп алуды жоспарлаған жолшылар ерте іске кірісті. Сағат сегіз болмай бекеттің солтүстік алқымындағы сары жилет кигендер қыбырлап жүрді. Өздері үшін күнделікті қатардағы шаруа саналатын бүгінгі жұмыс көне ағаш белдемелерді жаңа белдемелермен алмастыру екен. Өне, жол табанындағы белдемелердің астын Нұрдәулет Мұратбекәлі мен Қанат Бабақ күрепкен қазып алу арқылы босатып жатса, екінші топ оның орнына жаңа ағаш белдемелерді дайындап сала бастады. Дәулет Меңделбаев жұмыс кезінде электрожетекке залал келмес үшін жетек маңын мұқият қазып орнына тас төсеуде, ал тағы бір жолшы қолына ұстаған балғасымен белдемге бекітпелерді құлаштап ұрып кіргізіп жатты...

Ал осы жасалып жатқан жұмыстардың барлығының технологиялық талапқа сай жасалуын дистанцияның жол шебері Сахи Ахметұлы қадағалап, әріптестерімен бірге бүгінгі күннің алғашқы тапсырмасын жасауда. – Бекеттің солтүстік алқымындағы станциялық 28 жолдың көне ағаш белдемелерін жаңасымен ауыстыруға тапсырма берілгендіктен жанымдағы әріптестерімен бүгін осы жұмысты атқарып жатырмыз. Бұл біздің жолдарды күнделікті ағымдық күтімде ұстау



барысында атқаратын қатардағы жұмыстың бірі болып саналады, күрделі ештеңе жоқ. Дегенмен сақтық шараларын сақтап, технологиялық талаптардың қатаң сақталуын естен шығармаймыз. Жалпы жолшы деген жылдың қай мезгілі, қандай ауа райы болмасын тәулік бойы жол бойында жолдың бабын жасайтын халық қой, сондықтан кез келген күтімдік жұмыстар үйренген қолмен

тез және сапалы атқарылады, тәжірибе бар ғой, – дейді жол шебері Сахи Ахметұлы.

Ағымдық күтім жұмыстары электр желілері мен бағыттамалық бұрма, бағдарламдар секілді құрылғылар маңында жасалып жатқандықтан ШЧ, ЭЧ сынды оларға жауапты мекемелер өкілдері де жолшылармен бірге осы жерде жүр.

Суретті түсірген автор

ҚАУІПСІЗДІКТІҢ АЛҒЫШАРТЫ – КӘСІБИЛІК



Шалқар белгі беру және байланыс дистанциясы тәжірибелі теміржолшыларымен ерекшеленеді. Теміржолда көздің қарашығындай сақталатын қауіпсіздіктің алғышарты кәсібилік деп түсінетін дистанциялықтар білімдерін жетілдіріп, біліктілігін арттырудан ешқашан шет қалған емес.

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Дистанцияда 30 жылдан аса еңбек етіп келе жатқан Фарида Балғабаева – сондай кәсіби біліктілігі жетілген, тәжірибелі теміржолшылардың бірі. Ол дистанцияның құжаттар бөліміндегі жауапты маман болғандықтан бүкіл қор, техника мен құрылғылардың жұмысын бес саусақтай меңгерген. Себебі оның функционалдық міндетіне белгі беру және байланыс құрылғыларының техникалық құжаттарын қамтамасыз етумен қатар жаңадан келген ұсыншыларды, жобалық сызбаларды енгізіп, сәйкестендіруін қадағалау да кіреді. – Үшқорай – Қауылықыр станцияларының аралығына жауап беремін. Оның ішінде үлкен Шалқар станциясы бар. Механиктердің жұмыстарының техни-



калық құжатқа сәйкестігін жіті бақылап отырамыз. Жұмыс жауапкершілікті және қырағылықты талап етеді. Қауіпсіздікті толық қамтамасыз ету үшін әр жұмысты үтір-нүктесіне дейін қараймыз. Кішкентай қателіктің зардабы үлкен апатқа әкелуі мүмкін», – дейді Фарида Балғабаева.

Дистанция теміржолда алғашқылар қатарында құжаттарын электронды форматқа енгізді. 2003 жылғы тәжірибе алмасу мектебі жұмысты жеңілдеткен. Осы жұмыстардың басы-қасында білікті маман Фарида Балғабаева жүрді. Тиімділігі жоғары жобаны жүргізудегі қызметі басшылық

тарынан лайықты бағаланып, «Қозғалыс қауіпсіздігі үшін» медалімен марапатталды.

Кейіпкеріміз Түркістан қаласының тумасы, 1986 жылы Алматы көлік инженерлері институтына оқуға түседі. Шалқардағы теміржолшылар отбасына келін болып түсіп, 1991 жылы диплом алғасын жолдасымен қол ұстасып сонда аттанды. Шалқар белгі беру және байланыс дистанциясына жұмысқа қабылданып, міне 32 жыл еңбек етіп келеді.

«Теміржол қызметін «жартылай әскери сала» деудің өз себебі бар. Өйткені мұнда берілген тапсырма талқыланды. Мүлтіксіз орындалады. Сонымен қатар еш ақаусыз жасалуы тиіс. Себебі қауіпсіздік көздің қарашығындай сақталып, қорғалады. Ал қауіпсіздік жұмысты сауатты, қатесіз атқарғанда ғана сақталады, ол үшін кәсібилік керек», – дейді тәжірибелі маман.

Суретті түсірген автор

ЖЕЛІ БОЙЫНДАҒЫ НЫСАНДАР ЖАҢАРУДА



Қазіргі таңда Семей ЖТ бөлімшесі бойынша теміржолға қарасты барлық ғимараттар мен нысандарды алдағы қысқа даярлау жұмыстары жоспарлы түрде жүргізіліп жатыр.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Бұл орайда желі бойындағы мекемелер мен деполарда ағымдық және күрделі жөндеу жұмыстары қарқынмен өтуде. Биылғы жылы бөлімше басшысы Владимир Бабиченконың бастамасымен теміржол нысандарын жөндеуге ерекше көңіл бөлініп отыр. Мәселен, ағымдағы жаз айларында желі бойындағы 11 нысанды жөндеуден өткізу межеленіпті. Өткен жылы олардың саны небәрі үшеу ғана еді. Қазіргі таңда Семей, Өскемен және желі бойындағы Шар мен Суықбұлақ станциялары бойынша қарқынды түрде жұмыстар жүргізілуде. Жөндеу, жаңғырту, жаңадан салу жұмыстары әсіресе жергілікті вагон шаруашылығында белсенді жүріп жатыр. Мәселен, Шар станциясында асар дәстүрімен вагоншылардың жылыну үйшігі салынып бітуге таяп қалса, Семейдегі техникалық қызмет көрсету орындары толығымен жаңа-



руда. Қазіргі күні ішкі әрлеу жұмыстары да аяқталып қалды.

Мұндай шаралар қатары Өскемен өңірі бойынша тіптен ауқымды. Еліміздің қиыр шығысындағы локомотившілердің демалыс үйі күрделі жөндеуден өтуде. Нысанның шатырына демонтаж жасалып, жаңадан жабылуда. Сол тәрізді жалға алынып келген ДСП жұмыс орны заманауи модульдік типтегі кеңсеге көшірілді.

Айта кетер бір жайт, Белағаш, Шар және Риддер сынды көптеген станциялар бой-

ынша ағымдық жөндеу жұмыстары толық аяқталды. Ғимараттардың сыртқы сылағы мен ішкі косметикалық әрлеу жұмыстары қатар жүргізілді. Мұнымен қоса теміржолшылардың ас ішетін бөлмелері де қайта жаракталды.

Сонымен қатар теміржолшылар тілегіне орай кәсіподақ жетекшілері де елеулі түрде көмек беруде. Мәселен, станциядағы пост терезесін ауыстыру, дөп аулаларын немесе теміржол бойының көрнекті тұстарын эстетикалық түрге келтіру сынды жұмыстар жылдам бітуде. Бұл бағытта әсіресе Ангәздегі ТЧЭ-25 пен Бұқтырма станциясында бірқатар шаралар қолға алынған.

Жалпы, Семей ЖТ бөлімшесі бойынша мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Басты мақсат – теміржолшылар үшін қолайлы еңбек орнын әзірлеу және алдағы қатал қысқа жоғары деңгейде даярлық жасау. Бөлімше басшысы Владимир Владимирович мұндай шаралар алдағы уақытта да тоқтамай, кезең-кезеңмен қолға алынатынын айтады. Мәселен, биыл 11 нысан күрделі жөндеуден өткізілсе, келергі жылы 31 нысанды толығымен жаңартуға бюджеттен тиісті қаражат қарастырылуда. Ал алдағы бес жылдық ішінде ұлттық компанияның көмегімен бөлімшедегі барлық ескірген нысандарды жаңалау көзделіп отыр екен.

Суретті түсірген автор

ЗА ЛЕТО НУЖНО УСПЕТЬ МНОГОЕ


ПУТЕВЫЕ РАБОТЫ
Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

По данным заместителя директора Семейского отделения магистральной сети Алибека Шуманова, сейчас по Кумыстауской (ПЧ-38) и Оскеменской (ПЧ-37) дистанциям пути всего уложено 13 комплектов стрелочных переводов. В ПЧ-37 из запланированных 10 комплектов получили и уложили девять, еще один перевод уложат при поступлении материалов.

В ПЧ-38 уложены все четыре стрелочных перевода, как и было запланировано, – сообщил начальник Кумыстауской дистанции пути Ренат Аралбаев. – Мы заменили один стрелочный перевод на станции Алтай, это стрелка № 9, еще один – на станции Бухтарма, стрелка № 5, два комплекта заменили на станции Кумыстау. Это стрелки № 7 и 11. Из запланированных 10 километров среднего ремонта мы выполнили 2,5 километра. Сейчас материалы для этого вида работ поступили в полном объеме, мы продолжаем средний ремонт. В августе приступим к усиленному среднему ремонту (УСР) пути. Средний ремонт у нас проходит по всему участку – от НУК до станции Тургусун, усиленный средний ремонт – от станции Кумыстау до Кожжик и от Кожжик до станции Бухтарма.

Алибек Шуманов уточнил, что сейчас в ПЧ-38 подвезли 12 километров рельсошпальных решеток для подготовительных работ по УСР. Ожидается прибытие работников ПЧМ Ақадыр для проведения усиленного среднего ремонта пути.

По его информации, сейчас по Оскемен-

Путейцы Оскеменского региона летние путевые работы ведут по нескольким направлениям – помимо текущего содержания в этом году идут смена стрелочных переводов, средний ремонт, ожидается также усиленный средний ремонт (УСР) в Кумыстауской дистанции пути.



скому региону работает машина для обработки кустов МОК. Всего отработано по 9 июля 66,1 километра, только за прошедшую неделю МОК прошла 10 километров.

– Он работал с границей Российской Федерации, с 92-го километра, перегон Третьяково-Шемонаиха, до станции Фестивальная. С 10 июля МОК обрезают кусты на перегоне НУК – Ермаковка – Таусамалы, – добавили в Семейском отделении магистральной сети.

На территории Семейского отделения магистральной сети проводятся работы по восстановлению стрелочных крестовин методом автоматической наплавки. Всего при плане 100 крестовин восстановлено 95. По Оскеменскому региону эти работы

завершены на 100%. Такие наплавочные работы по 40 крестовинам проводили по станциям Кумыстау, Оскемен-1.

На участке Оскеменской дистанции пути сейчас работает выправочно-подбивочно-рихтовочная техника ВПРС-73. За минувшую неделю с 3 по 10 июля выполнены работы на 19 стрелочных переводах, шести съездах.

– Идет пробивка перегонного хода, чтобы улучшить состояние пути и безопасность, – отметил Алибек Шуманов. – ВПРС-73 отработала на станциях Тишинская, Черемшанка, Коршуново, Оскемен-1, сейчас она работает по перегонам Коршуново – Черемшанка, Черемшанка – Тишинская.

Фото Александра ЖАБЧУКА

ВЕСОМАЯ ПОДДЕРЖКА


СОЦИУМ

Первичной организацией профсоюза Акадырской дистанции пути филиала АО «НК «КТЖ» – «Карагандинское отделение магистральной сети» оказана материальная помощь 10 пенсионерам и 16 работникам ПЧ-26 на сумму более одного миллиона тенге.


Светлана МОГАЙ,
Караганда

По словам председателя профсоюзного комитета Акадырской дистанции пути НЖС Караганда Дюсенбая Айгаринова, помимо вышеизложенного, шесть работников Акадырской дистанции пути получили

матпомощь на сумму 437 000 тенге и 12 человек помощь на санаторно-курортное оздоровление в размере 2 226 420 тенге.

– На сегодняшний день первичная организация объединяет 558 членов профсоюза. Руководство дистанции пути и профком проводят совместную работу по активизации физкультурно-оздоровительной и

спортивной деятельности с целью укрепления корпоративного духа и сплочения работников железнодорожного транспорта, – рассказывает Дюсенбай Айгаринов.

Ко всему прочему, профсоюзом дистанции пути проводятся благотворительные акции, такие как: «Твори добро», «Доброе сердце», «Дорога в школу». В рамках акции оказывается помощь пенсионерам, многодетным семьям, семьям, где проживают дети с ограниченными физическими возможностями. Также благотворительную помощь получают работники, имеющие различного рода заболевания. В прошлом году на эти цели из бюджета профсоюзного комитета был выделен один миллион 800 000 тенге, а с начала 2023 года – один миллион 280 000 тенге.

Ко Дню защиты детей была оказана благотворительная помощь многодетным семьям и семье матери-одиночке на сумму 140 000 тенге.

Ежегодно ко Всемирному дню охраны труда проводятся различного рода мероприятия. Работникам, получившим увечье на производстве, предоставляется материальная помощь. На торжественном мероприятии лучших сотрудников поощряют грамотами и подарками.

В настоящее время у профсоюзной организации Акадырской дистанции пути намечено много планов, которые должны быть реализованы до конца текущего года.

Фото автора

РЕЙД БЕЗОПАСНОСТИ


ПРОФИЛАКТИКА

Железнодорожники совместно с сотрудниками Военизированной железнодорожной охраны и ЛОВД станции Алматы провели профилактический рейд по предупреждению правонарушений и травматизма на объектах железнодорожного транспорта.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Переезд Медеу – Жетысу был выбран неслучайно, именно на этом переезде сосредоточено интенсивное движение и часто фиксируется лихачество. Через железнодорожный путь, особенно по утрам и вечерам, переходят десятки людей. Вот здесь был организован рейд из руководства отделения грузовых перевозок, транспортных полицейских, представителей Алматинской дистанции пути. Повода к проведению подобных мер предостаточно. Ведь наиболее подверженные риску наездов на людей перегоны Алматы-1 – Алматы-2, Аксенгир – Шамалган, Жетысу – Байсерке, Жетыген – Алтынколь, Шелек – Жинишкесу. Эти участки являются потенциально опасными.

Буквально за несколько минут были задержаны дети, пересекающие железнодорожные пути. Энергично шагая, не понимая того, что они подвергают себя опасности. Железнодорожники с полицейскими провели разъяснительную беседу, популярно

объяснив, к чему приводит подобная беспечность и какие последствия могут быть.

Следующими нарушителями стали женщины и молодые люди, их совершенно ничего не пугало, ребята шли в наушниках, не оглядываясь по сторонам. Некоторые из прохожих даже не обратили внимания на все замечания, сделанные железнодорожниками.

Остановив пешеходов, начальник службы производственной безопасности Алматинского отделения грузовых перевозок Алтынай Сейлханова и представители транспортной полиции привели ряд примеров из практики, где по неосторожности произошли трагические случаи с людьми.

Всем нарушителям раздали памятки, где ясно написано, что опасно переходить стрелочные переводы, оборудованные электрической централизацией, места расположения острояков, а также подлезать под вагоны, залезать на автосцепки при переезде через пути.

– Только за шесть месяцев текущего года в границах Алматинского отделения грузовых перевозок локомотивными бригадами



ТЧЭ-28 применено 389 экстренных торможений, против 291 случая аналогичного периода прошлого года. С наездом – шесть, с летальным исходом – три. Несмотря на проводимую профилактическую работу, продолжают фиксироваться факты травмирования людей железнодорожным транспортом, – говорит главный инженер Алматинского отделения грузовых перевозок Сабыр Имангалиев.

Причем, по статистике, каждый год на железнодорожном транспорте Республики Казахстан происходит более ста несчастных случаев, среди которых более половины заканчиваются летальным исходом.

Вся трагичность состоит в том, что железнодорожники и стражи порядка никак не могут «достучаться» до родителей. Профилактическая работа построена на постоянной основе, более того, проводятся рейды, разъяснительные беседы с населением, «часы безопасности» в школах. И все тщетно. Снова и снова можно увидеть подростков в зоне опасности.

Фото автора



НА МЕЖДУНАРОДНОМ УРОВНЕ

Айлин БАУРЖАН,
Астана

ВИЗИТ

Делегация из 14 стран мира посетила порт Курык в рамках Бакинской летней энергетической школы.

Во ходе визита 67 иностранных гостей посетили ряд производственных объектов морского порта Курык. Также они получили возможность ознакомиться с программой развития сферы транспорта и логистики региона.

В рамках развития порта здесь планируется строительство предпаромной сортировочной станции и зернового терминала мощностью один миллион тонн в год, который позволит увеличить его пропускную способность в направлении Ирана и Кавказского региона.

К слову, завершение развития морских портов Актау и Курык позволит довести совокупную пропускную способность казахстанской портовой инфраструктуры с 17,3 до 39,3 миллиона тонн в год.

В завершение визита для гостей была организована концертная программа с участием местных музыкантов, исполнителей и танцоров.

К слову, Бакинская летняя энергетическая школа-2023 – это программа, объединяющая международных экспертов и ученых. В течение трех дней они знакомятся с информацией об энергетике и нефтепродуктах Мангистауского региона и поделятся опытом.

Фото автора



ОБЪЕМЫ ТОЛЬКО РАСТУТ

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай

ПЕРЕВОЗКИ

По итогам июня 2023 года на станциях Костанайского региона отгружено два миллиона 334,5 тысячи тонн самых различных грузов.

Как сообщил директор филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Костанайское отделение ГП» Айбек Казымов, за этот период было отгружено 35 тысяч 772 вагона.

В том числе по основной номенклатуре грузов: руды цветной при техническом плане на месяц в 10 244 вагона фактически погружено 10 364. Таким образом, данной номенклатуры было погружено свыше плана на 120 вагонов. Строительных грузов при плане в 130 вагонов – 789 вагонов, что сверх плана на 659 вагонов. Зерна при техническом плане на месяц в 2 059 вагонов погружено 3 997, что сверх плана на 1 938 вагонов (133,8 тысячи тонн). По сравнению с аналогичным периодом прошлого года, погрузка зерна увеличена на 164,2 тысячи тонн. Наконец, по продуктам перемола при техническом плане погрузки на месяц в 1 097 вагонов фактически погружено свыше плана на 167 вагонов.

– От месяца к месяцу мы стремимся наращивать объемы отгрузки, – говорит Айбек Казымов. – И благодаря профессиональному и самоотверженному труду наших железнодорожников это удается. Мы будем стараться и впредь стабильно и поступательно наращивать объемы – в этом одна из основных задач.

Фото автора

Қостанай жұқ тасымалы бөлімшесінің бастылығы мен ұжымы локомотивтерді пайдалану бөлімінің бастығы **Жолтай Бекназарұлы Дымбаевтың** қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарының орны толмас ауыр қайғысына ортақтасып, көңіл айтады. Өз ісінің кәсіби маманы болған нағыз теміржолшы, жаны жайсаң жақсы адамның бейнесі оны білетіндердің жадында ұзақ уақыт сақталады.

